

## ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА СИНТЕТИКАЛЫҚ ОҚУҒА КӨШУДІҢ МАҢЫЗЫ

Дулатқызы Динара

[ddulatkyzy@list.ru](mailto:ddulatkyzy@list.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының  
4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А. Е. Дәрменова

Бәрімізге белгілі, тілдің көмегімен қарым-қатынас екі түрлі жолмен: ауызша және жазбашажүзеге асады. Келтірілген түрлердің екіншісі, яғни мәтінді оқу және түсіну мектепте шет тілін үйретудің негізгі мақсаты болып табылады. Барлығына бірдей білім беру бағдарламасында оқуға үйрету шынайы және қажетті түрде жүзеге асады, себебі бұл процесс мектеп бітірген оқушының өз бетімен жетілуіне мүмкіндік туғызады.

Байқағанымыздай, бұл ретте синтетикалық оқу шетел тілінде оқыту бағдарламасына бөлінбейтін бөлшек, міндетті мазмұн ретінде кіреді. Синтетикалық оқу дегеніміз не деген сұраққа жауап бермес бұрын оның міндеттері мен мектепте шетел тілінде оқыту процесіндегі рөлін және оқытудың тәжірибесі мен тәсілінде бұл түрдің мағынасын білдіретін терминдер туралы деректерді келтірген жөн.

«Синтетикалық оқу» терминінен бөлек бұл түрді сипаттайтын бірқатар терминдер кездеседі. Олар: үйде оқу, үйде өздігінен оқу, қосымша оқу және т.б. Барлығы біріге келе терминге келтірілген негізгі талапты, яғни біркелкілікті бұзғанымен, ортақ атауы синтетикалық оқу болып табылады [1, 89].

Синтетикалық оқу - шет тіліндегі мәтінді алдын ала грамматикалық, лексикалық үлгідегі дайындықсыз оқу және түсіну. Көрсетілген дәлел негізінде оқушы оқу барысында мазмұнынды белгілі мәтін элементтеріне байланысты бүтіндей қабылдайды. Түсіну барысында оқушы аналитикалық оқу барысындағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфоэпияға және тілдік тәжірибесіне сүйенеді, яғни бастауыштан бергі барлық тілдік білімді қамтиды. Бұл дегеніміз:

- оқушы сөздерді оқу қабілетін көрсете алуы;
- оқытудың техникалық жағы оқу процесін қиындатпауы;
- басты тапсырма- оқыған мәтінді түсінуі;
- бұл сатыда сөз синтезі мен тіркесі толық бір мағынаны білдіруі;
- түсінуде қателік болуы, бұл оқушының танымдық деңгейіне, сөздік қорына және грамматикалық құрылымды түсіну деңгейіне байланысты;

Синтетикалық оқу-оқушының шет тіліндегі мәтінді оқу және түсіну қабілетінің жоғарғы сатысы. Ол-кітаптардың қажетінсіз мәтінді лексикалық және грамматикалық тұрғыда алдыңғы біліміне сүйене отырып түсіне алу мүмкіншілігі. Бұл тәсілді қолдану нәтижесінде:

- оқуға жеңіл және таныс сөздер тез, қиын және таныс емес сөздер буынға бөлініп оқылады;
- сөз мағынасын болжау маңызды рөл атқарады;
- болжамды оқу болғандықтан бала сөздердің, жалғаулардың орндарын алмастыра алады;
- кітаптан оқу барысында қайшылықтарға байланысты (таныс сөздердің аздығы, қате болжам жасау және т.б) қате оқылатын сөздердің саны артады;
- оқу барысындағы қателік шегініске алып келеді, яғни оқушылар өткен сабақтарға қайта оралуына тура келеді;

Синтетикалық оқуға үйретудің маңызды факторлардың бірі шет тілін игеру қабілетін көрсету болып табылады. Ол- орта сыныпты аяқтаған әр оқушы үшін негізгі мақсат болып табылатын өзі бетімен оқу деңгейі [2,98].

Синтетикалық оқу нұсқалығының оқытуға үйретудегі маңызы ағылшын тілін қолданатын мемлекеттерде мойындалған. 2000 жылы АҚШ-тың Ұлттық Оқыту Комиссиясы синтетикалық оқуда оқытуды үйретуде тендестірілген бөлігі ретінде қолдайды (Балаларды қорғау және Адам Даму Ұлттық Институты, 2000). 2005 жылы Австралия мемлекеттік сауалнама синтетикалық оқу жүйелі, тікелей және дәл нұсқалықты оқытуға үйретуде кешенді тәсілдеме деген қорытындыға келді. (Австралия Мемлекеттік Білім, Ғылым және Оқыту,2005). Англияда мемлекеттік сауалнама ерте жастан бастап оқуға үйрету дәлірек қорытындыға келеді. Сондай-ақ бұл баяндама «қарапайым көзқарасты» ұсынады. Гоу және Танмер (1986) арқылы ұсынылған бұл пікір бейімделуге бағыт алған классикалық «қарапайым көзқарас» сөз тану айналымы мен тілді түсіну айналымы арасындағы анық айырмашылықты ұсынады. Сол себепті, мұғалімдер оқуға арналған жаттығулар орындалуын жеке бағалауға және әртүрлі өлшемде әрқалай оқыту жоспарын дайындауға мүмкіндік алады.

Синтетикалық оқудың қарапайым нұсқасы жедел түрде барлық ағылшын мектептерінде орнығып жатыр.Ғалымдардың пікірінше әдістемені қолданбас бұрын анықталған, қадағаланған анықтаманы оңтайлы зерттеу түрінде тиімділігін анықтап алған жөн.Бағдарлама үшін қойылған шынайы өзгеріске,синтетикалық фонетикаға, келешекте зерттеу бағасы ұзақ мерзімді болуы тиіс және шағын топтар басқа әдістемені талап етуі мүмкін екенін мойындау қажет.

Оқуды меңгеруде синтетикалық кезең екі сатыдан тұрады. Бірінші саты оқу кезінде сөздік деңгейде,кейін сөз тіркесі, сөйлем негізінде түгелдей түсіну деңгейі ретінде сипатталады. Бастапқы кезеңде дұрыс дыбыстық құрылымнан тұратын іс-әрекет енді ішкі жоспарға енеді де, жаңа саналы әрекетке- саналы түрде сөйлем құру деңгейіне өтеді. Бұл-фразалық оқудың бастауы.

Синтетикалық оқудың келесі кезеңі- мәнмәтіндік оқу,көзбе-көз сөйлемдерді интонация арқылы біріктіру. Бұл жерде оқушының күш-жігері мәтін арасындағы сөйлемдер байланысының мәнін айқындауға жұмсалады. Оқу кезінде мәтін сөздерін түсіне алудың өзінде оқушы математикалық мәтінді, сондай-ақ сұрағы мен тапсырмасын түсінуге қауқарлы. Келтірілген қабілет 1-сыныпта қажетті болып саналады, 2-сыныптан бастап оқушы дұрыс, саналы, анық және тез оқу дағдысын меңгеру бала дамуының бір шартына айналады.

Баламалы ойлау жүйесі тұрғысынан алғанда түсінікті қалыптастыру және оның адам ойлау жүйесінің жүйке негізінде едәуір ілгерілеуге жеткені дәлелденді және бұл түсінік әр тілде әрқалай орын алатынын ескерген жөн. Мысалы, ағылшын тілінде нақты талаптарды түсіну үшін берілген оқу түрі ағылшын тілінде ерте жастан оқытуда шешуші рөлді атқарады. Себебі, жазбаша ағылшын басқа алфавиттік тілдерден ерекшеленеді. Ағылшын тіліндегі буындар құрылымдарының орфографияға байланысты фонологиялық қиыншылықтары сапалы оқырман болу үшін оқуда дұрыс фонеманы басшылыққа алуды талап етеді. Греция, Финляндия, Испания, Италия секілді бірқатар елдерде буындар құрылымы қарапайым (негізінен дауысты және дауыссыз буындар) және әріптер мен дыбыстар арасында өзара қатынас бар 1:1. Осы себептен, көпеген балалар оқытудың бірінші жылынан кейін еркін оқи алады. Бұндай тілдер үшін синтетикалық жүйемен оқыту басқа елдермен салыстырғанда өте пайдалы болуы мүмкін. Ағылшын тілі негізгі тіл ретінде қолданылатын елдерде ерте бастан оқуды жеделдету оңайға түспеді [3].

Әрбір орта мектептің шетел тілі мұғалімі синтетикалық оқу мен түсінудің маңызын, оқушыларға оқу тапсырмасы дағдысын қалыптастырудың рөлін түсінбейінше бұл бағдарлама енгізілмейтінін ескеруі тиіс.

Өкінішке орай, барлық шетел тілі оқытушылары синтетикалық оқудың мәнін қажетті деңгейде терең түсіне қойған жоқ.

Синтетикалық оқудың маңызын түсінбеу бірқатар себептермен байланыстырылады:

Бұл оқыту процесінде кейбір оқытушылардың синтетикалық оқу және оқыту тәсілінің мақсаты мен мазмұнын түсінбеуі;

оқыту барысында өңдеу тәсілдерін өткізу және бақылаудың жеткіліксіздігі;

синтетикалық оқуға үйретуде кітаптарда анық, біртекті талаптардың болмауы;

синтетикалық оқуға арналған мәтіндегі автордың талаптарын түсіну қиыншылықтары;

шет тілдерін оқыту бағдарламаларында тапсырмалардың көптігі;

Қорытындылай келе, оқу- адам миының ең қиын жетістігінің бірі. Ағылшын тілінде оқуды үйренуде адам миы бірізді әріптік, сөздік деңгейде түсініп, қосымша нейрондық сәулет құрылысын дамытуы мүмкін. Ауызша және жазбаша сөйлеудің басты мақсаты-тілдесу мен түсінісу болып табылады. Егер ұсынылған тәсілдер мен тәжірибелер дәлелдердің шоғырына қатаң түрде негізделіп жасалынса синтетикалық оқу бағдарламасы арқылы, оған қоса әртүрлі тіл зерттеулері мен тиімді оқу әдістері нәтижесінде оқушылар бұл мақсаттарға жете алатынын үлкен ықтималдықпен сендіреді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Клычникова З. И. Психологические особенности обучения чтению на иностранном языке. – М.: Просвещение, 1973. – 223 с. 5. Крючкова Л. С. Практическая методика обучения русскому языку как иностранному: учеб. Пособие /
2. Л. С. Крючкова, Н. В. Мощинская. – 2-е изд. – М.: Флинта: Наука, 2010. – 480 с. – (Русский язык как иностранный).
3. <https://mylektsii.ru/3-113159.html>